

М.Қ.Қанабекова

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы***Көркем мәтіндегі тарихи стилизация құбылысы**

Мақалада автор көркем мәтіндегі стилизация құбылысының орнын, оның белгілі бір кезеңдегі тарихи дамуын, прагматикалық сипаты мен танымдық жағын анықтайды. Көркем әдебиеттің тілін тек қана лингвостилистикалық қырынан ғана зерттеп қоймай, оны коммуникативтік, прагматикалық, функционалдық қырларынан да қарастырады. Өткен дәуірдегі халық тілінің көрінісінен сыр шертетін тілдік тұлғалардың қолданысы, сол заманға сай авторлық баяндау амал-тәсілдері көркем шығарма мысалдарымен дәлелденіп, жан-жақты баяндалған.

Кілтті сөздер: көркем мәтін, тарихи даму, лингвостилистикалық қыры, көне әдеби ескерткіштер, лингвистикалық зерттеулер, лексикалық бірлік, Монғол империясы.

Соңғы уақытта қазақ әдеби тілінің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті күшейіп, қоғамдық-әлеуметтік қызметі артып, қолданыстық аясы кеңейе түсуде. Қазіргі тіл білімінде жаңа бағыттағы зерттеулер мен танымдық негіздегі ғылыми ізденістер қарқынды жүргізілуде. Әсіресе қазіргі тіліміздің құрылымдық жүйесін, оның белгілі бір кезеңдеріндегі даму тарихын, сөздік қазынасын, прагматикалық сыр-сипатын, тағы басқа қырларын зерттеуге баса көңіл бөлініп отыр. Лингвостилистика ғылымында көркем әдебиет тілін зерттеу аспектілері тілдік-стильдік құбылыстардың мазмұнын кеңейтіп қана қоймай, оның дамуында мәтіннің құрылымдық-семантикалық ұйымдасуын, авторлық баяндаудың стилистикалық жүйесін, мәтін ішіндегі әр түрлі стилизация белгілерінің көрінісін де қолданыстық тұрғыдан қарастыру да жиі қолға алынып отыр. Демек, лингвистикалық зерттеулер ауқымының кеңеюі мен тілдегі функционалдық, коммуникативтік-прагматикалық бағыттың қарқынды дамуы көркем әдебиет стилінің де ғылыми-танымдық тұрғыдан жаңаша сипатта қарастырылуына зор ықпалын тигізуде. Эстетикалық қызметтегі тілдің бар болмысын ашатын ерекше қолданыс түрі — көркем әдебиет стилі екені мәлім. Оның лексика-фразеологиялық, грамматикалық, фонетикалық тәсілдерді пайдаланудағы, мәтіннің құрылымдық ұйымдасу принциптеріндегі түрлі ерекшеліктері болатындығы белгілі.

Бірқатар зерттеушілердің пайымдауынша, мәтін лингвистикасы қазақ тіл ғылымында әр түрлі мәтіндік үлгілерді ғылыми талдаулармен, оның теориялық негіздерін анықтаумен байланысты қалыптасқандығы айтылып, ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделуде. Мәселен, көркем мәтін лингвистикасын Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Х.Кәрімов, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Г.Смағұлова, Г.Әзімжанова, публицистикалық мәтін үлгілерін С.Исаев, Б.Әбілқасымов, Б.Момынова, О.Бүркіт, Қ.Есенова, ғылыми мәтіннің синтаксистік құрылымын С.Әлісжанов, З.Ерназарова, мәтінмен тікелей байланысты текстологиялық талдауды Ғ.Әнес, тағы басқа ғалымдар қарастырған.

Прагматилистика ғылымының да зерттеу нысаны — мәтін, бұл мәселеге қатысты алғашқы теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар М.М.Бахтин, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, А.А.Реформатский, Н.С.Поспелов, Г.В.Колшанский, И.Р.Гальперин, Ю.Д.Апресян, тағы басқа ғалымдардың зерттеу еңбектерінде негізделеді. Мәтін стилистикасында негізінен көркем әдебиет тілі зерттеу нысанына алынады, онда көркем мәтіннің түзілу ерекшелігі, құрылымдық-стилистикалық сипаты, автор мәселесі, кейіпкерлердің тілдік ұйымдасуы, баяндау типтері, мәтіндік бірліктердің қызметі т.б. қарастырылады. Көркем әдебиеттің тілін тек лингвостилистикалық аспектіде ғана емес, коммуникативтік-прагматикалық, функционалдық тұрғысынан да зерттеу ісі қолға алына бастады. Негізінен әрбір мәтін функционалды стиль түрлерінің тілдік-құрылымдық белгілерін көрсетіп бере алады. Көркем мәтіннің сипаты коммуникативтік және эстетикалық қызметтердің бірлігімен айқындалады.

Тарихи жанрда жазылған әдеби туындылардың мәтіні де стиль тезіне түсірілген тілдік элементтердің іштей ұйымдасқан, өзара тығыз байланысқан бірлігінен тұрады, белгілі бір тарихи кезеңнің көркем бейнесі эстетикалық-танымдық ақпарат түрінде жеткізуде автордың идеялық көзқарасына бағытталған тұтас жүйе ретінде қарастырылады. Тарихи мәтіндердегі баяндау — көркем шығарманың конструктивтік принципін белгілейтін стильдік категория. Ол, бір жағынан, өткен дәуірлердегі қоғам, әлеумет өмірін бейнелі де көркем түрде суреттеп, қалың көпшіліктің білік-

танымын көтерсе, екінші жағынан, ана тіліміздің бұрынды-соңды сөз байлығынан, образдар жүйесінен ақпарат береді. Олай болса, тарихи шығарма табиғатындағы өткен өмір, дәуір шындығын бейнелейтін сипаттауыш тілдік элементтердің мәгінтүзушілік қызметін талдау, тарихи баяндаудың қолданыстық ерекшелігін ашып көрсету, стилизация құбылысының көрінісін тілдік деректер негізінде зерттеп-зерделеу әлі де жан-жақты талдауды қажет етеді.

Жалпы тіл біліміндегі ғылыми-теориялық зерттеу еңбектерде тарихи көркем мәтіннің өзіндік сипаты, ондағы стилизация проблемасы, автордың тілдік бейнесі, баяндау перспективасы, кейіпкер тілі мен автор тілінің қарым-қатынасы т.б. мәселелер таза ғылыми сипатта талданып, стилизацияны танытатын тілдік құралдарды жүйелеп, оларды пайдалану жолдарын, қолданылу принциптерін айқындап береді [1]. Тарихи көркем мәтіндегі баяндау типтері, кейіпкерлер сөзінің тілдік ұйымдасуын белгілеу, ондағы стильдік құралдардың жұмсалу заңдылықтарын ашып көрсету т.б. мәселелер тарихи стилизацияның өзіндік ұғым-категорияларын қалыптастырып, құрылымдық компоненттерін белгілейді. Тарихи стилизацияға қатысты мұндай зерттеу тәжірибелер бұл мәселенің аса күрделілігін, көпжақтылығын көрсетеді. Қазіргі уақытта әдебиеттанушылар мен тілші-ғалымдар авторға және мәтінге ерекше назар аударып келгені мәлім, яғни «автор — мәтін — оқырман» категорияларының құрылымдық ерекшелігі прагматикалық тұрғыдан біршама зерттеуге алына бастады.

Қазіргі таңда функционалды стиль түрлерінің жүйеленіп, сараланып орнығуына байланысты көркем мәтінде әр түрлі стилизация құбылысы көріне бастады. Оның ішінде тарихи стилизация белгілері қазіргі тарихи жанрадағы көркем туындылар тілінен анық байқалады. Әр суреткер-жазушы белгілі бір тарихи кезеңді суреттейтін тілдік құбылыстарды стильдік мақсатпен орындай, дәл қолдана білсе, әр кейіпкерін өз «дәуірінше» сөйлетсе, тарихи шығарманың стильдік тұрғыдан қойылатын талапты жақсы өтегені, оқырманды шындыққа сендіртіп, өзіндік ұғым-көзқарасын қалыптастыра білгендігі. Мұндай әдіс шығарма тілін тарихи стиль тезіне түсіру деп танылады. Қазақ тіл ғылымында стилизация құбылысын алғаш танып табиғатын анықтауда, тілдік-стильдік тұрғыдан талдап-танытуда төмендегідей пікірлер бар: «Стилизация дегеніміз шығарманың тақырыбына, жанрына, эстетикалық мақсатына және «автор образы» дегенге (яғни автордың идеясы, көзқарасы, позициясына) тілінің үндес келуі ғой. Мысалы, тарихи шығарма авторы жеке атауларды таңдауда болсын, кейіпкерлерін сөйлетуде болсын, т.т. суреттеп отырған дәуір шындығына мейлінше жақын, сәйкес келуді көзденсе, ол тарихи стилизация болмақ» [2].

Қазіргі тарихи мәтіндер тілінде өткен ғасырлардағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси өмірі, сол кезеңдердегі тыныс-тіршілігі суреттелетіндіктен, сол дәуірге тән тілдік реалийлерді (белгілерді), ескіліктер мен байырғы сөз орамдарын тауып, соларды көркемдік қажетіне жаратады. Көркем әдебиет тіліндегі стилизация табиғаты автор мен адресат арақатынасының алуан түрлі формаларда болатын байлығымен, екеуінің де тұлғасы айқын, анық, бейнелі түрде көріне алатындығымен ерекшеленеді.

Тарихи көркем мәтіннің тілі, негізінен екі тұрғыдан сипаттамалы болып келеді. Онда оқиға желісі жалпыға ортақ әдеби тілмен суреттеле отырып, сол дәуір тілінің де сипаты қатар көрінеді. Бұл екі тілдік құбылыстың (екі құрылымдық жүйенің) көркем баяндауға ену жолдары, әдістері сан түрлі болуы мүмкін. Олар оқырман санасында тұтас бір дәуірді сипаттайтын суреттемелік құралдар әрі тарихи көркем баяндауды құрайтын стильдік элементтер ретінде көрінеді. Демек, тарихи стиль тезіне түсірудің мәні, дәлірек айтқанда, мәтіннің тілдік ұйымдасуындағы екінші құрылымында ғана толық көрінеді. Көркем мәтіндегі нормадан ауытқулар белгілі бір стилистикалық мүдде-әрекеттен туындайды және тарихи ақпарат жеткізушісі болады. Қазіргі бірқатар тарихи туындылардың тілін тарихи баяндаудың құрылымдық ерекшеліктері тұрғысынан талдағанда, стильдік екі құрылымның да үлгісі бола алатынына тілдік деректер арқылы көз жеткіздік. Ә.Кекілбаевтің «Үркер» романында Әбілқайыр ханды суреттеген тұстарына назар аударалық: *Елінің көз алдына қашан көрсең де бір қалпында тұратын сұп-сұр жүзі, тұнжыр жанары мен салыңқы қабағы келді. Бұның бәрі бұрын оған қайдағы жоқ сұмдықтарды ойлап отыратын ішмерездік қана сияқты көрінуші еді, енді байқаса, ішіндегі қара қазандай бұрқ-сарқ қайнап жатқан элем-тапырық көңілін байқатқысы келмеген ерекше бір ұстам, сабыр екен ғой...* Белгілі бір прагматикалық мақсат көздеген автор бір сөз не тіркесті тірек көркемдік амал ретінде таңдап, стильдік жүк арқалатады. Демек, *сұп-сұр* сөзінің контекстегі қызметі, бейнелілік сипаты айрықша, мұнда кейіпкердің сыртқы кескін-келбетін, портретін суреттеуден гөрі, Әбілқайыр ханның ішкі психологиялық күй-қалпын, саясаттағы

пиғылын, күрес амалын ашып көрсетуде қолданысқа енген. Сол арқылы адресат қабылдауына айрықша әсер етіп, ішкі эмоциялық ой әлеміне жетелейді.

Суреттеліп отырған дәуір шындығын адресатқа шынайы жеткізуде тарихи мәтіндерде сипаттауыш элементтердің бірі — экспрессиялық қуаты күшті бейнелі тұрақты тіркестер мен байырғы сөздердің, көркемдеуіш амал-тәсілдердің тиімді үлгілерін оқырман қабылдауына лайық ұсынады. Мәселен, белгілі жазушы М.Мағауин «Аласапыран» романында көне құбылыстарды, әсіресе қару-жарақ атауларын тарихи ақпаратты жеткізуде ғана емес, көркем бейне тудыруда, мәтінге поэтикалық сипат беруде тиімді пайдаланады. Автор мен адресат арақатынасы, тұлғасы бейнелі тілдік бірліктердің (метафора, теңеу, эпитеттің) қатысуымен айқындала түскен: *Қандауырдың жүзіндей қайқы кірпіктері; Хан-аға — жақ болғанда, сұлтан-іні — жебе; Арғы атаңа орнықты орда болған, бергі атаңа қайраусыз қара қанжар, берік түйінді берен сауыт болған мына біз едік...* тәрізді экспрессивті эпитет, теңеулерде қару-жарақ атауларын адамзатқа теңеу болса, *он сан оқ, аламан оқ, дізе оқ, ши оқ, томар оқ, доғал оқ* сияқты тіркестерде бір «оқ» сөзінің бірнеше сөздермен тіркесіп келіп, стильдік бедерге ие болуы таңбаның әрқилы прагматикалық сипатын таныта алады. Бұл — автордың тілдік тұлғасын айқындаудың мәнмәтіндегі поэтикалық элементтер әрі көркем баяндаудың ішкі құрылымдық, тілдік ұйымдасуын белгілейтін мәнерлі тәсілдер.

Автор-суреткердің тарихи баяндаудан тағы бір өзіндік құрылымдық-стильдік ерекшеліктері аңғарылады. Автор тілінде де, кейіпкер атынан берілетін баяндауларда да өткен дәуірге тән халық тілінің асыл қазынасы — мақал-мәтелдерді, байырғы шешендік сөз үлгілерін, нақыл сөздерді де ұтымды қолданады: *«Қылыш үстінде — серт жоқ, қымыз үстінде — кеңес жоқ, Аға тұрып іні сөйлегеннен без, төре тұрып қара сөйлегеннен без»* — тәрізді ақиқатқа айналған мақал-мәтелдердің, фразалық тіркестерінің қолданылуы — тарихи баяндаудың стильдік белгілері әрі мәтін түзудің элементтері. Автор әрбір кейіпкерін өз атақ-дәрежесіне қарай сөйлетуде де, оның іс-әрекетіне баға беруде де, тіпті оның кескін-келбетін, ниет-пиғылын (интенциясын) оқырманға (адресатқа) сенімді түрде де жеткізуде де осындай шұрайлы сөздердің керектігін жақсы түсінген. Жазушының дүниетанымы, өзіндік көзқарасынан, сөз саптаудағы шеберлігінен кейіпкерлерінің де танымдық-мәдени деңгейі анық аңғарылады. Мысалы, мына бір жолдарға назар аударалық: *«...ұсақтан ұтпа, ұзағын күт. Халық — бала, өзін кім жақсы көрсе, құлап түседі. Қарашы бегің — қыран құс, жем үшін ұшады, қызылдан қақпасаң қызыл шолақтың өзін алып береді; Өкпе арты өшіткке ұласатын кез бар, наз арты түңіліске ұласатын кез бар»*, — дейді Өз-ханым әже. Бұл — сол заманның ой ағымы, философиясы. Және ол философия ел анасы — әженің танымымен беріліп отыр. Автордың прагматикалық мақсат көздей отырып, мұндай тілдік таңбаларды қолдануы арқылы аталған туындының ақпараттық әрі эстетикалық-көркемдік мазмұны ашыла түседі. Соның негізінде көркемділіктің айрықша көрінісі ретіндегі шығарманың поэтикалық тіл кестесі айқындала түседі. Тарихи көркем шығармалардың поэтикалық тіл кестесін айшықтайтын үлгілердің бірі — шешендік сөздер екені анық.

Өткен ғасырларда шешендік сипат алған лексикалық бірліктер тек өнер туындысы ғана емес, әлеуметтік-рухани іс-әрекеттің танымдық құралы болған. Шешендік сөздердің прагматикалық мәні айтылар ойдың логикалылығы мен аргументінің тереңдігінен, дәлелінің мықтылығынан, тыңдаушыға (адресатқа) әсер ететін эстетикалық қасиетінен (эмоциялық көзқарасынан, ойлантудан т.т.) нақты көрінеді. Тарихты көркем түрде бедерлеуде көркем сөз шебері М.Мағауин жоғарыда аталған тарихи романында ақылгөй дана Өз-ханым әженің түйінді ойын (монологын) былайша жеткізеді:

Егер Тәуекел хан алаш бегін қоңыраттан, ұлыс бегін жалайырдан қойса, бар қазақты тең тұтам деп жар салғаны емес пе? Бегін белге шығарып, еліне қоныс берсе, жау қолында қалған барлық руға ұран шапқаны емес пе? Жетім қозы тас бауыр, жат болып кетсе, қайтесің... Бірақ, балам, өкпе арты өкінішке ұласатын кеп бар, наз арты түңіліске ұласатын кез бар... Мен ақылы қысқа әйелмін, көсемдігімнен емес, көргендігімнен айтам... Мұнда ел анасы атанған Өз-ханымның философиялық ой ағымы нағыз шешендік сөз үлгісінде берілген. Әлеуметтік мәселені қозғаған толғау мәніндегі сөзі шешендікке тән шарттары мен белгілері (ұйқасты параллелизмдер, дыбыстар үйлесімділігі, мақал-мәтелдер мен афоризмдер) арқылы айшықты да көркем тілмен шебер жеткізілген. Тыңдаушыға ықпал ететін, оның айрықша реакциясын туғызатын, айтылған ойдан тұжырым жасай біліп, нәтижеге итермелейтін данагөй әженің даналы ойынан (монологінен) сөйлеушінің жалпы білім-түсінігі, әлеуметтік мәселеге деген көзқарасы мен танымы, түсіну қабілеті қабылдаушы тұрғысынан айрықша бағаланады. Бұл тұрғыдан суреткер-жазушы би, хан, елші, ақылгөй даналарын шешен тілмен әсерлі сөйлете білген. Тағы бір дәлел: Сүтемген бидің Тәуекел

ханның «...келешек күндерде ата жұртының тізгінін ұстауға лайық қалға — ізбасарға қай сұлтанды қалайсындар» деген сұрағына қарата айтылған сөзін алайық. Мұнда билер аузынан шығатын шешендік сөздерге тән шарттар түгел сақталған. Басты шарттардың бірі — адресатқа, яғни көпшілікке, қарата айтылған сөздің түсініктілігі мен әсерлілігі, эстетикалық қуатының молдығы, айтар ойының (идеясының) айқындылығы. Осындай шарттары сақталған жағдайда ғана шешендік сөз тыңдаушылардың ақыл-ойы мен еркіне әсер етіп, оларды белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыратын сөз болып шығады. Сондықтан да Сүтемген бидің ізбасар-сұлтандар жайындағы сөзі тек Тәуекел ханға емес, өзге де сұлтандарға, бектерге, батырларға және оларды қаумалаған қалың жұртшылыққа қарата айтылады және бұл сөзінің әлеуметтік-пафостық үні ерекше сезіледі. Демек, жазушы әлеуметтік-тарихи тақырыптың тыңдарман қауымға әрі түсінікті, әрі психологиялық әсер ететін болып шығуы үшін би сөзінің көркемдік-эстетикалық көрсеткіштерін толық сақтаған. Ол көрсеткіштер: дәстүрлі және мәнмәтіндік (авторлық) эпитеттер мен теңеулер, метафора, метонимия, аллегория, гипербола т.б. троптың түрлері, қайталама құрылымдар, параллель түзілімдер, дамыту мен антитеза (шендестіру) тәрізді айшықтау тәсілдері, дыбыстық қайталаулар (ассонанс, аллитерация) болып келеді. Мысалы, *Бөрі боп туған баһадур көп; Арыстан боп туған асылзада көп*. Сондай-ақ Сүтемген бидің сөзінің тағы бір үзінін алып, *...хан иемнің үзеңгісіне ілесіп, бүкіл түстікті тіміретті* дегенді «ханмен қатар шабуыл-соғысқа қатысып, оңтүстікте жатқан жауларды жеңді» деген жалпыға түсінікті тілде ұғынсақ, астарлы мәнде айтылған метафораның әсемдігі мен әсерлілігі айрықша назар аудартады. Мұндай жайттарда шешен (сөйлеуші тұлға) өзін өзгеше күйде ерекше қолтаңбасымен танытады. Нені түгел айтып, нені бүгіп отырғаны, оның ұғымынша қандай нәрсені атамаса да түсінікті екенін сөйлеу кезінде қандай мүмкіндіктер байқалатындығын біледі. Шешеннің коммуникативтік тұспалын (интенциясын) тыңдаушының аңғара білуі сөйлеу жағдаятының ойдағыдай өтуіне септігін тигізеді. Олай болса, шешендік сөздер — стилистикалық әсері айрықша, тыңдаушыға тікелей бағытталған, прагматикалық әлеуеті бар ерекше сөз өнері. Көпшілікті сөйлеу мәдениетіне тәрбиелейтін, адамның дүниетанымын, мәдени өресін танытатын тағылымы мол құрал. Бірқатар зерттеу еңбектерде, ғалымдар танығандай, шешендік сөздер дискурсында сөйлеуші мен тыңдаушы арақатынасынан туындайтын осындай прагматикалық ерекшеліктерді тарихи көркем мәтіндерден де анық аңғаруға болады. Бұл да көркем шығарманы тарихи стиль тезіне түсірудің өткір де ұтымды тәсілдерінің бірі.

Жазушы-авторлар тарихи мәтін құрылымындағы баяндау типін түрлендіруде кейіпкерлер сөзінің тілдік ұйымдасуын өзгеше қалыптастырады. Кей сөздерді тек номинатив мағынасында жұмсамай, оларға тарихи семантикалық рең үстеп, өзгеше сөздермен жаңаша тіркестіріп қолданады. Бейнеленіп отырған дәуірде қалыптаса қоймаған сипаттауыш тұрақты тіркестердің мұндай қолданысы арқылы өткен заманның мазмұны анық танылып жатады: *«Өкінішім — үш жүздің басын қоса алмадым: аз елге хан болдым, қазаққа мал емшегін емізгенмен, жер емшегін емізе алмадым. Өзге жаудан қазақтың жерін қорғаймын деп жүргенімде дүние құрғыр өтіп кетіпті ғой.»* (І.Есенберлин. «Көшпенділер»). Бұл үзіндіден көркем мәтіннің стильдік мәнері бірден аңғарылады. Бұқармен диалогінде Абылайдың қайраткер ретіндегі шешендігі анық танылады. Қазіргі әдеби тілдегі жалпыға түсінікті *«мал бақтырғанмен, егін салдыра алмадым»* деп жай баяндап айтудан гөрі, автор суреттеліп отырған дәуірге тән арнайы тілдік реалийлерді пайдаланбаса да, *мал емшегін емізу, жер емшегі* тәрізді фразеологизмдер арқылы Абылай дәуіріне тән ірі әлеуметтік мәселенің (саяси отырықшылық) тарихи мәні ашылып, сол заманның үні естіледі. Бұл — көне заманның мазмұнын жеткізудегі автор бейнесін қалыптастырудың стильдік тәсілі. Автор мұндай амалды уәжді ұстаныммен мәтіннің эстетикалық қуатын арттыруда тиімді пайдаланған.

Тарихи стиль тезіне түсірілген (стилициацияланған) шығармаларда өткен дәуірдің ұлттық-тілдік колоритін жеткізуде, тарихи шындықты шынайы суреттеуде ерекшеленетін тәсіл, әрине, танымдық сипаты басым — көнерген және ескірген лексикалық бірліктердің болатыны табиғи. Бұл тәсілдер тарихи стиль тезіне түсірудің негізгі тілдік көрсеткіштері бола отырып, бүгінгі оқырмандар көзқарасына, қабылдауына лайықты дәуір тілін қатаң сұрыптауды, орнымен өз мағынасында дәл жұмсай білуді талап етеді. Қысқасы, әр сөзді (тарихи реалийлерді) өз мағынасында дәл танып, дұрыс қолдана білу — стильдік қана талап емес, ол — мағына айқындығының да талабы деп түсінуіміз ләзім. Сондықтан мұнда танымдық-теориялық талдаулармен қатар, бүгінгі тілде мағынасы мүлде түсініксіз немесе біршама түсінікті, бірақ сирек кездесетін, не болмаса мәнмәтін (контекст) арқылы түсінуге болатын ескірген және көнерген сөздер жөнінде түсіндірме сипатындағы ізденістер де қажет-ақ. Соңғы бағыттағы ой-пікірімізді бір-екі тілдік деректер негізінде ашып көрсетелік.

Тарихи мәтіндер тілінде ескіліктердің (көнерген сөздердің) бірқатары түсініксіз сөздер, сондықтан мұндай жағдайда ұмыт болған немесе мағынасы күнгірттенген сөздер мен сөз тіркестерін реті келген сәттерде автор (ғалым, жазушы, журналист) тарапынан түсіндіріліп отырса, игілікті іс болар еді. Өйткені қалың оқырман қауым мәнмәгін (контекст) бойынша жалпы мазмұнын ұққанымен, сол кездегі (өткен дәуірлерде) білдірген мағынасын дәл тани бермейді. Белгілі жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы мынадай сөйлем жолдарына назар аударалық: «Ол ератын да осы ажалмен қорқытып ұстаған жоқ па?; Бас *наибы* Қастек би мен ауыз үйде күтіп тұрған *паруалар* үн-түнсіз соңынан ере берді». Бұл үзінділердегі мағынасы түсініксіз *ерат*, *паруа* сөздеріне автор өз тарапынан сілтеме беріп, мағынасын ашып отырады: «Ерат — ескі түркі тілі, «әскер» мағынасындағы сөз. Ал *паруа* сөзінің «хан соңындағы қорғаушы адамдары» деген мәнде жұмсалып тұрғандығын автор ұғындыра кетеді. В.Бартольдт өзінің көптомдық шығармаларында *паруа* сөзінің мағынасына осы ұғымда төмендегідей түсінік береді: «*перване*, занимавшие эту должность, в которых в средние века была связана передача личных распоряжений государя» [3]. Сол сияқты мәтінде кездесетін *насбан*, *тұтғақ* сөздерінің де оқырман қауым контекст ішінде нақты мағынасын тани бермейді, яғни бұл екі лексикалық бірліктің де І.Есенберлин шығармасында *күзетші*, *түнгі күзетші тобы* деген мәнде жұмсалғандығын мәнмәгін арқылы түсінуге болады.

«Аласапыран» романында М.Мағауин қолданысында кейбір ескіліктер контекст ішінде жеңіл ұғынылады. Мысалы: «Сұлтан сол қолда — ең құрметті орында, Көшек сұлтанмен тізе түйістіре отырған, көк бурыл сақалды, білгі, беделі алашқа әйгілі Томан бимен арнайы тіл қатысты; Қала ішінде ханға сенімді қиындық күндері қасында болған, бұқаралық Баба-Сұлтанның басын кескен, басқа талай сұлтанды тітіреткен, ақыры Тәуекелді осы дәрежеге жеткізген атақты әскерден мың қаралы ғана аламан бар».

Осы мәтін үзіктерінен қазіргі тілімізде нормативтік бірліктер ретінде танылатын: *алаш*, *аламан* сөздерінің мынадай көне ұғымдарда жұмсалғандығын бірден аңғаруға болады: *алаш* — «ел-жұрт, халық» деген мәндегі сөз, ал *аламан* мұнда негізінен «қол, сарбаз» мағынасында жұмсалғандығы өткен дәуірдегі әдеби тіл үлгілері де дәлелдей түседі.

Лексикалық бірліктердің бүгінгі күндегі түсініктілік дәрежесі айқын емес көнерген сөздің бірі — *басқақ*. Зерттеушілер танығандай, ол — түркі сөзі, «алым-салық жинаушы» мәнінде «Көшпенділер» романында жұмсалған. Бұл сөздің көбінесе монғол тіліндегі *даругачи* / *даруга* титулының түркілік варианты ретінде жұмсалғандығын тарихи деректерден кездестіреміз. Шыңғысхан, оның ұрпақтары жөнінде, Түркістан тарихын суреттейтін көптомдық шығармасында белгілі тарихшы В.Бартольдт «басқақ» жөнінде мынадай деректер келтіреді: «*Может быть, следует транскрипции тюркского термина баскак, соответствующего монгольскому даругачи*» [3]...

Басқақ сөзі туралы аталған авторда екінші бір деректер келтірілген: «Во всех странах, завоеванных монголами, они мусульманские купцы... самые выгодные должности, в частности, в руках купцов находилось финансовое управление, а также должности сборщиков податей *баскаков*». Тарихи деректерден келтірілген *басқақ* сөзінің мағынасы жазушы В.Янның «Шыңғысхан» романының қазақша басылымында да «*алым-салық жинаушы бастық*» ұғымында қолданылады. «Көшпенділер» авторы бұл сөзді «монғол хандарының басып алған жерлеріндегі халықтан алым-салық жинап тұратын уәкілі» деген мағынада жұмсаған. Монғол империясы орнаған кездегі әлеуметтік тарихи шындықты дәл бейнелеп көрсету үшін осындай тілдік белгілерді стильдік мақсатпен орынды қолданған: «*Құлағу арғын әйелінің айтқанын орындап, қарамағындағы бүкіл Қара теңіз маңындағы елге бас басқақ етіп Арғын батырды отырғызды*».

Монғол империясы тұсында хан сарайында қызмет көрсететіндер бірнеше топқа бөлінген, солардың бірі — ат әзірлеп сайлайтындар болса, келесілері — хан сарайындағылар ішетін тағам мен сусындардың даярлығын ұйымдастырып, табақ тартушылар т.т. Соңғы қызметті атқарушыны *бақауыл*, немесе *бауыршы*, деп атаған. «Көшпенділер» туындысында да *бақауыл* сөзі осы мағынада жұмсалған. Бұл сөздің *бөкеуіл* варианты да ұшырасады. М.Мағауинның тілдік қолданысында да осы ұғымдарда *бауыршы*, *сабадар* сөздері де стильдік мақсатпен жұмсалған. Мұнда *бауыршы* — «ас-су, дастархан жайын басқаратын бек» болса, *сабадар* — «қымыз құюшы, сусын иесі» деген мәндегі авторлық-оказионалдық қолданыстағы тілдік бірлік ретінде танылады. Мысалы, «*Бауыршы ертемен екі өгізше әкеп береді...*», «*Ол іліп тұрған қалпы ыдысты сабадарға өткізген*». *Бақауыл*, не *бөкеуіл* варианты, көнерген сөзі қазіргі тілімізде мақал-мәтелдер құрамында сақталған: «*Аз жақсыға жасауыл болма, көп асқа бөкеуіл болма*». Мақал-мәтелдер құрамында сақталған нақыл сөздерді «Көшпенділер» авторы да Абылай ханның тілдік мінездemesін ашып көрсетуде пайдаланған. Бірде

Қалден Церен Абылайға: «Дүниеде не жаман?» — деп сұрағанда, ол: «Дүниеде аз асқа бақауыл, аз елге хан болған жаман», — деп жауап береді. Бақауыл сөзі өзге де түркі халықтарының тілдерінде кездеседі. Өзбек тілінде бақовул — аспазшы [4].

Сөйтіп, тарихи көркем мәтіндердегі стилизация құбылысының көріну жолдары, баяндау перспективасы, кейіпкерлер сөзінің тілдік ұйымдасуы, тілдік бірліктердің мәтін түзудегі стильдік қызметі, ескіліктердің тарихи-танымдық мәні жоғарыда сөз еткен тілдік деректермен шектелмейді, мұндай жанрдағы мәтіннің тіл қолданысындағы орнын тиянақты талдау үшін стилистикалық, прагматикалық тұрғыдан жүйелі зерттеулер жүргізу — бүгінгі ғылымның абыройлы міндеті. Жазушылардың халқымыздың өткен тарихына батыл қадам жасаған сайын құдіретті тіліміздің сан алуан бай сөздік қазынасын, тарихи көркем сөз үлгілерін стилизация құралы ретінде бедерлейтіндігі даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Левин В.Д. Средства языковой исторической стилизации в романах Ю.Н.Тынянова // Исследования по языку советских писателей. — М.: Изд. АН СССР, 1959. — С. 87.
- 2 Өнер алды — қызыл тіл. — Алматы: Жазушы, 1984. — 82-б.
- 3 Бартольдт В.В. Сочинения: В 9 т. — М.: Наука, 1963. — С. 296.
- 4 Узбекско-русский словарь. — М.: ГИИНС, 1959. — С. 840.

М.К.Канабекова

Явление исторической стилизации в художественном тексте

В статье рассмотрено явление авторской стилизации и его место в художественном тексте, представлена история изучения этого вопроса, а также прагматический и когнитивный аспекты исследования. Наряду с собственно лингвостилистическим аспектом использования стилизации в языке художественной литературы в статье представлены коммуникативный, прагматический, функциональный аспекты с синхронной точки зрения, а диахронический аспект исследования стилизации на материале древних литературных памятников раскрывает своеобразие особенностей использования авторских средств стилизации.

There in the article is considered the phenomenon of author's stylization and its place in the art text, the history of studying of this phenomenon, and also is presented pragmatical and cognitive aspects of research. Alongside with actually linguostylistic aspect of use of stylization in language of fiction, the article presents communicative, pragmatical, and functional aspects from the synchronous point of view, and diachronic aspect of research of stylization on a material of ancient literary works opens an originality of features of use of author's means of stylization.